

- 5 Dosmūhamedūly H. *Qazaq halyq әдеbieti // Dosmūhamedūly H. Alaman.* – Almaty, Ana tili, 1991. – B. 70-80.
- 6 Musaev K.M. *Formirovanie, razvitie i sovremennyye problemy terminologii na iazykah soiuznyh respublik SSR // Razvitie terminologii na iazykah soiuznyh respublik SSSR. Obşaaia problematika.* – Moskva, Nauka, 1986. – S. 6-178.
- 7 Qūrmanbaiūly Ş. *Qazaqterminologiasy: zertteuler, oqulyq, sözdik, bibliografia.* – Almaty, Sardar, 2014. – 928 b.
- 8 Äbetov Ğ. *Ädebiettanu terminderiniñ qysqaşa oryssa-qazaqşa sözdıgı.* – Almaty, Qaz SSR ĞA baspasy, 1962. – 140 b.
- 9 Ädebiettanu. *Terminder sözdıgı / Qūrast. Z.Ahmetov, T.Şañbaev.* – Almaty, Ana tili, 1998. – 384 b.
- 10 *Qazaq föklorynyñ tipologiasy.* – Almaty: Ğylym, 1981. – 308 b.;
- 11 *Qazaq әdebieti: Ensiklopedia.* – Almaty: QR BĜM, *Qazaqstan damu instituty*, 1999. – 750 b.; *Qazaqstan: Ūlttyq ensiklopedia. 1-10-tom.* – Almaty: «Qazaqensiklopediasynyñ» Bas redaksiasy, 1998-2007; *Türkistan, Halyqaralyq ensiklopediasy.* – Almaty, 2000. – 656 b.
12. *Oryssa-qazaqşatüsındirmesözdik: Ädebiat / Jalpy red. basqarğanE.Aryn.* – Pavlodar: «EKO» ĞÖF, 2006. – 515 b.
- 13 *Kondybai S. Şkölnyi slovär kazahskoi mifologii.* – Almaty: Arys, 2013. - 140 s.
- 14 *Svod etnograficheskikh ponäti i terminov / Otv. red. B.N.Putilov, G.Ştrobah. Vypusk 4. Narodnye znania. Föklor. Narodnoe iskustvo.* – M., Nauka, 1986. – 240 s.
- 15 *Qasqabasov S.Oi öris. Zertteuler.* – Almaty, Jibek Joly, 2009. – 303 b.
- 16 *Äzibaeva B. Qazaq dastandary.* – Almaty, 2009. – 288 b. *Maqala QR BĜM ĞK granttyq qarjylandyruy aiasynda jüzege asyrylğan ğylymi-zertteu jobasy nätijeleri boiynşa daiyndalğan (memtirkeu № 0118RK01300)*

## МРНТИ 17.82.10

Рүстемова Ж.А. <sup>1</sup>

<sup>1</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
Қарағанды, Қазақстан

### ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ, ЫБЫРАЙ ДӘСТҮРЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ балалар поэзиясында Абай салған дәстүрлерді бейнелеудің ерекшеліктері қарастырылады. Автор, сондай-ақ, ақын-ағартушылардың шығармаларындағы тақырыптық, идеялық, композициялық ұқсастық мәселелеріне назар аударады. Қай халықтың да ғасыр бойы дамып, қалыптасқан ұлттық дүниетанымы, өзіндік философиясы, фольклорлық мұралары, бір сөзбен айтқанда, өзіне тән рухани әлемі болатыны мәдениет тарихынан жақсы белгілі. Ұлттық руханият қазынасына мейлінше бай жұрттардың бірі қазақ халқы екендігі әр уақытта дәлелденіп келеді. Кейінгі дәуірлерде осынау рухани игілік көлемі сан жағынан да, эстетикалық әсері жағынан да одан әрі жетіліп, толығы түсуде. Бұл тұжырымның бір айқын көрінісі – қазақтың жазба балалар әдебиеті. Бүгінгі таңда ол тарихы терең, философиялық-эстетикалық тұғыры нық, ой мен мазмұнға қашанда бай болып келетін құнарлы қазақ әдебиетінің үлкен бір тармағына айналып отыр. Әдебиет пәнін оқыту, соның негізінде балаларға жан-жақты тәрбие беру балаларға арналған фольклор түрлерін, жазба әдебиет үлгілерін терең меңгеріп, іс жүзінде пайдалана білуге дағдылану қажет.

**Түйін сөздер:** Дәстүр, балалар поэзиясы, дидактикалық сипат, шығармашылық, ағартушылық идея

Rustemova Z. <sup>1</sup>

<sup>1</sup> Karaganda State University named after academician E.A.Buketov,  
Karaganda, Kazakhstan

## THE TRADITION OF ABAY, IBRAY THE KAZAKH CHILDREN'S POETRY

### Abstract

The article devotes the specialties of Showing of Abay, Ibyray's traditions in Kazakh children literature for beginning of XX century. So, author have been giving his opinion to problems of thematic, ideas, harmony, structuring and Same in verses of poets-democrats. In the history of culture, as you know, which people have developed and developed over the centuries, has its own national Outlook, a peculiar philosophy, folklore heritage, in a word, its own spiritual world. It is proved that at different times one of the richest zhurtardyns comes to the Treasury of national spirituality of the people. In recent years, the amount of spiritual wealth has been achieved further, both in different ways and in terms of aesthetic effect. One of the most striking examples of this concept is the Kazakh written children's literature. Today it is one of the richest in Kazakh literature, the history of which has a deep, philosophical and aesthetic meaning, always rich in thought and content. The study of the subject of literature, on the basis of which comprehensive education of children should be an in-depth study and practical use of various types of folklore for children, samples of written literature.

**Keywords:** Tradition, children's poetry, didactic character, creativity, educational idea

Рустемова Ж. А. <sup>1</sup>

<sup>1</sup> Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова,  
Караганда, Казахстан

## ТРАДИЦИИ АБАЯ, ИБРАЯ В КАЗАХСКОЙ ДЕТСКОЙ ПОЭЗИИ

### Аннотация

В статье рассматриваются особенности отражения традиций, заложенных Абаем, Ибраем в казахской детской поэзии начала XX века. Автор, также, обращает внимание на проблемы тематического, идейного, композиционного сходства в произведениях поэтов-просветителей. В истории культуры, как известно, какой народ развивался и развивался на протяжении веков, имеет свое национальное мировоззрение, своеобразную философию, фольклорное наследие, одним словом, свойственный духовный мир. Доказано, что в разное время приходят в сокровищницу национальной духовности народа одним из наиболее богатых жұрттардың. В последние годы объем духовного достояния достигается и дальше, как по разному, так и по эстетическому эффекту. Одним из ярких примеров этой концепции является казахская письменная детская литература. На сегодняшний день он является одним из самых богатых в казахской литературе, история которой имеет глубокую, философско-эстетический смысл, всегда богата мыслью и содержанием. Изучение предмета литературы, на основе которой всестороннее воспитание детей должно быть углубленным изучением и практическим использованием различных видов фольклора для детей, образцов письменной литературы.

**Ключевые слова:** Традиция, детская поэзия, дидактический характер, творчество, просветительская идея

**Кіріспе.** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті бойынша А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың шығармашылығының кешеуілдеп барып ауызға алынуы әр сөзі жас жеткіншектер үшін ғибрат болып табылатын ұлы Абай мен қазақ балалар әдебиетін қалыптастырушы Ыбырай дәстүрлерінің дәуір басындағы қазақ балалар поэзиясынан көрініс табуы мәселесіне ден қойғызады.

**Әдістеме.** Әсіресе, 1911 жылы Орынборда «Қирағат» кітабы шыққан, балалар әдебиеті саласында әжептәуір еңбек еткен М. Дулатовтың өлеңдері мен әңгімелерінде Абай мен Ыбырай салған арна-дәстүрлердің анық көрінісі бар. Балаларға арналған өлеңдердің жеңіл, ойнақы ұйқасқа құрылу

ережесінің XX ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясында да де қатаң орныққан заңдылық болып саналатындығын М.Дулатовтың 7-8 аралас буынды өлшеммен жазылған «Мектепке» (1911) және «Мектептен» (1911) өлеңдерінен байқаймыз.

**Талқылау.** Аталмыш өлеңдерде қыс мезгілінің құбылыстары оқушы бала тірлігімен астастырыла беріледі. Әдетте, мектепке, оқуға шақыру күзбен байланыстырылса керек еді. Ал бұл өлеңдердің объектісі – қыс.

*Ашық күнде жарқырап,  
Жаңа жауған жатыр қар.  
Домбықтырып беттерін  
Адамдардың тұр ызғар.*

Өлеңде автор қыстың ажарлы келбетін суреттеуден оның қытымыр кескінін хабарлауға жедел ойысады. Мұның себебі өлеңнің философиялық астарында жатқан сияқты.

*Жатырсыңдар неге ұйықтап?  
Күн шығып қалды, балалар.  
Таңертеңгі аязбен  
Мектебіңе жөнел бар.*

«Оян, қазақтың» авторы бұл жерде де «ұйқыдан ояту» идеясына адал. Символика айқын: жаңа жауған қар – өмірдің әдемілігі, ызғар – тіршілікте болмай қоймайтын қиындық. Шыққан күн – мезгіл, сәт, уақыт. Әр адамның шешуші қадам жасар кезі. Таңертеңгі аяз – сол «ызғар» ұғымында: қиыншылық, бөгет деген сөз. Кедергі – бөгетке қарамай, алға ұмтыл, уақытыңды сәтімен пайдалан деген ойды ұғамыз. «Мектептен» өлеңіндегі (1911) сабақтан қайтқан балаларға ықылас үлкен. Тіпті үй алдындағы Майлыаяқ та «құйрығын былғап еркелеп, қылды ықылас шындықтан». Оқу – еңбек түрі. Соңғы шумақ «Еңбек түбі – бейнет, бейнет түбі – зейнет» немесе «еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей» даналығының салмағын көтеріп тұрғандай әсер береді:

*Күліп шулап, кірсе үйге,  
Самауыр тұр бу шыққан.  
Тойып алып тамаққа,  
Балалар жатып тыныққан.*

Екі өлеңді («Мектепке» және «Мектептен») бір-бірімен байланыстырып тұрған – ақынның балаларды оқуға шақыру идеясы.

М.Дулатовтың «Мектепке» өлеңінде Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!» дегеніндегі сыпайылық емес, «мектебіңе жөнел бар» түріндегі өктемдік бар, «тезірек қимылдамасаң, несібеңнен қағыласың» дегенді аңғартатын жанашыр қамқорлық бар. Абай ықпалы қыс келбетін суреттеуі мен идея біртектестігінен көрінеді.

*Мектептен қайтып балалар  
Қызарып беті суықтан.*

Абайдың өнер-білім, ғылым тақырыбындағы өлеңдерінің дидактикалық сипатымен, уағыздық қасиетімен ерекшеленетінін, жыл мезгілдеріне арналған өлеңдері мезгіл құбылысын дәл, өз қалпында және адам тірлігімен байланыстыра суреттеуімен өзгеше екендігін білеміз. Ал осы сипаттар Міржақып өлеңдерінде («Мектепке», «Мектептен») біртұтас көрінеді.

М.Жұмабаевтың 11 буынды өлшемдегі «Қарағым» атты өлеңінде үгіт-насихат сарыны басымдау. Арнау түріндегі өлең 1912 жылы шыққан «Шолпан» жинағына енген болатын.

*Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!  
Ойыңға құр қаларсың, көңіл берме.  
Оқымай ойын құған балаларға  
Жолама, шақырса да қасына ерме!*

- дейді ақын. «Өз кезеңінің проблемасын қарапайым жолдармен насихатшыл сарынға түсірген»[1,4] бұл үзіндінің Абай өлеңінің «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге!» жолдарымен бір үндестікте екендігін байқаймыз. Абайдың «ондай болмақ қайда деп, айтпа, ғылым сүйсеңіз» дегенін Мағжан «қарманған қарап қалмас!» - деген рас сөз, тоқтамай істе болсаң батып терге» деп жалғастырады. Ыбырай «мал – дәулеттің байлығы, бір жұтасаң жоқ болар» десе, Мағжан ақын «Тер ағызып, өліп-талып табылған ата дәулет быт-шыт болып тозады» дейді. Абай «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» дейтін болса, Мағжан тағы бірде «Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе, олардың әрбір сөзін үлгі көрсе» деп ой толғайды. Ы.Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде өнерлі жұрттың артықшылығын санамалап көрсетіп, оқушысын сендіре баяндаса, М.Жұмабаев «Жатыр» өлеңінде былай дейді:

*Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.  
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,  
Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр.*

«Үлгілі деп қабылдаған объектісіне меңзеу, оны өнеге етіп көлденең тарту жалпы ағартушылық рационализмге тән концепция. Мағжанның мұндай өлеңдерінде айтарлықтай жаңалықтан гөрі бұрыннан да бар мәселені көтерушілік қана бар. Ол автор қаламының балаңдығымен, кең масштабтағы жетекші бағыттың ірілігімен, сонысымен ақынға қатты әсер етуімен түсіндірілсе керекті» [2,14].

Өнер-білімге, оқуға шақыру ХХ ғасыр басында жанр біткенге басты тақырып ретінде желі болып тартылды. Мәселен, А.Байтұрсыновтың орысшадан аударған «Оқуға шақыру» өлеңі М.Дулатовтың «Мектепке», М.Жұмабаевтың «Қарағым» өлеңдерімен үндес. Ең алдымен, үшеуі де арнау түрінде келеді. Екіншіден, өлең шумақтарында ой ұқсастығын туғызған сөз қолданыстары бар. Аударма өлеңнің бір шумағын мысалға келтірейік:

*Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!  
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!  
Шақырды тауық мана әлдеқашан,  
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.*

М.Дулатовтың «Мектепке» өлеңі мен А.Байтұрсыновтың «Оқуға шақыру» аударма өлеңіндегі «Жатырсындар неге ұйықтап?» пен «жатпа қарап», «күн шығып қалды» мен «қарап тұр терезеден күн жылтырап», «мектебіңе жөнел бар» мен «оқуға бар» дегендердің ара-жігі ажырағысыз. Мағжан мен Ахмет өлеңдері 11 буынды болып келуімен де ұқсас. Міржақып ақын өлеңіне 7 буынды өлшем ойнақылық сипат дарытса, 11 буынды өлшем үлкен салмақ жүгін көтеріп тұр. Мағжан, Ахмет өлеңдерінен авторлардың басты мәселеге тереңдеп бару талабы байқалады. Үшіншіден, үшеуінде де Абай, Ыбырайдан келе жатқан идея сақталған. Осы ретте Ыбырайдың «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінен үзінді келтірейік. «Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық етуде. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшағын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ»[3,26]. «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ» деген ойдың А.Байтұрсынов аударма өлеңінде берілуін байқайық:

*Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,  
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да;  
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,  
Барады аралар да ұшып балға.*

5 шумақ өлеңнің төрт шумағы қыбырлаған тірлік иелерінің әрекеттерін суреттеуге құрылған. Өлең соңындағы «Аллалап», ал кітапты қолдарыңа! Құлдарын құдай сүймес жалқау болған» деген екі жол тағы да Ыбырай әңгімесінің «сені де құдайтағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға

әдеттенуге керек» деген қорытындысымен бір тектес. Бұл тұста Ыбырайдың «Бір құдайға сиынып, кел, балалар, оқылық!» деп басталатын әйгілі өлеңін де еске түсірген жөн.

Ыбырайдың түсінігінде «бір құдайға сиынып барып» оқуға кірісу түптің түбінде өз нәтижесін бермек. Сол себепті сөз басын «бір құдайға сиынып, кел, балалар, оқылық!» деп бастайды. Оқу білген адам бір жаратқан иені танығын үстіне тани түседі деген ой өлең соңында берілген:

*Оқу білген таниды  
Бір жаратқан құдайды.*

Құдайды танымаса, құдайға ұнамауы кәдік. Құдайға ұнамаған жанның осыған дейінгі істеген ісінің бәрі бос әрекет болуы мүмкін деген ой «Танымаған құдайды неғылғанда ұнайды» дегеннен қылаң береді.

Баланы құдайдан сұрау халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінен, әсіресе, батырлар жыры, ертегілерден келе жатқан дәстүр. Баланың өнегелі болып өсуіне бесік жыры, тұсау кесу жырында қандайлық мән берілетін болса, бұл өлеңде сол ата-ананың тілегіне сондайлық мән беріледі.

*Шырағым адам болғай деп,  
Ата-енең жылайды.  
Баладан қайыр болмаса,  
Баланы неге сұрайды.*

Ата-ана құдайдан қайырсыз ұл сұрамайды, өз үмітін ақтайтын ұл сұрайды. Өйтпесе, бала сұрап несі бар дейді ақын. Автор баланың жанды жеріне дөп тиетін сөзді тауып айтады. Бір кезде құдайдан есті бала сұраған ата-ананың қарғаятын күні туар. Қартайған ата-ана мал табуға қауқарсыз. Осы кезде сүйенетінің оқумен тапқан білімің болмақ. Демек, тұрмыстың жақсаруы үшін оқу керек.

Ендеше, балаға жүктелетін міндет үлкен. Сол міндетті атқару үшін оқуға кірісу керек деген автор ойы айқын. Жалпы тұтастай алғанда, өлең оқу-білім қасиетін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге құрылған. Мәселен,

*Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.*

Мысал ретінде сол тұстағы қоғам өміріндегі жайлар алынады да, қазақ баласының ұғымына лайықталып түсіндіріледі.

«Кейде негізгі тақырып басқа болса да, білімді мен білімсізді салыстыра көрсету дәстүрі басым болды»[4,89]. Осы жағдай Ж. Аймауытовтың «Қыс» өлеңінен байқалады. Өлеңнің басты тақырыбы қыс болғанымен, идеясы оқуға шақыру болып табылады. Автор қыс келбетін ел тірлігімен байланыстыра суреттейді. Бұл байланыс, әсіресе, өлеңнің құрылымдық жүйесінен анық байқалады. Өлең кіріспе, негізгі екі бөлім, қорытынды бөліктен тұрғандай әсер береді.

*Жалп-жалп, жалп-жалп жауды қар,  
Тон киіндік, тоңды мал.*

Кіріспе негізгі бөлімде не жайында айтылатындығына оқырманды дайындау мақсатын көздейтін сияқты. Қар жауды, демек, қыс түсті. Түскен қыс өзімен суығын бірге ала келді. Адамдардың жылы киінуі, малдың тоңуы қыс ызғарына байланысты болып отыр. Өлеңнің бірінші бөлімінде алғашқы жолдағы ой жалғаса түскен, яғни, қыс мінезі тағы көрінеді:

*Бұрқ-бұрқ, бұрқ-бұрқ боран бар,  
Боран жоқта тұман бар.  
Қызыл шұнақ қызыл бар.  
Суда айна тас мүсін бар.  
Қылаулатқан қырау бар.*

Келесі бөлімде екінші жолдағы характерке ұқсас тірлік молынан баяндалады:

*Бүрсеңдеген лақ бар.  
Сүмеңдеген қонақ бар.  
Қыздар қылған шұжық бар.  
Қонақ айтар қызық бар.*

Соңғы бөлім негізгі бөлімдерде айтылған ойдың түйіні іспеттес қабылданады.

*Ай, балалар, балалар!  
Күнде оқуға жүрелік,  
Үйренелік, білелік!*

Қыс ызғарына қарамай, күнделікті атқарылатын шаруаларға қарайламай оқуға бару керектігіне баса назар аударылады. 7 буынды өлшем балаларға арнау түрінде жазылған бұл өлеңге ойнақылық сипат дарытқан. Жауған қар мен соққан боранның еліктеуіш сөздермен бейнеленуі де белгілі дәрежеде өлең ойнақылығын арттыра түскен.

*Жапалақ, жапалақ қар жауар,  
Жамбасыңа мұз тоңар.  
Лақ, тоқты қашады,  
Қойшы талқан асады.*

- деп келетін халық өлеңінің аталмыш авторлық өлеңге ықпалы айқын.

Б.Алтынсарин туған әдебиетімізге ана тақырыбындағы өлең түрін де енгізді. ««Бұл кім?» өлеңін жұмбақ стиліне жаза отырып, Ыбырай онда ананың ұлы қызметін өз шәкірттеріне жеткізу мақсатын көздейді. Бұл да өз дәуірі үшін тың өлең. Адам өміріндегі ананың еңбегін көркем тілмен жеткізе суреттейтін шығарманы Ыбырайға дейінгі әдебиетте кездестіру қиын» деген[4,87] баға береді бұл өлеңге академик С.Қирабаев. 6,7, 8 буын аралас келетін «Бұл кім?» өлеңінде бар мейірімін баласына арнайтын ана бейнесі оның нәрестесі үшін атқарған қамқорлық істері арқылы нанымды беріледі.

*Бала, бала, бала деп,  
Түнде шошып оянған.  
Түн ұйқысын төрт бөліп  
Түнде бесік таянған.*

Үш шумақ өлеңнің алғашқысының өзі-ақ «бұл ана» дегізеді. Ананың балаға жасар қамқорлығын санамалап тауысу мүмкін емес.

*Аялы қолда талпынтқан,  
Қаймақты сүттей қалқытқан.  
Суық болса жөргегін,  
Қорғасын оқтай балқытқан.*

Ақын ананың тек іс-әрекетін ғана береді. «Анаң қамқоршың, жанашырың, сондықтан сен оны сүй, құрмет тұт!» деген уағыз жоқ. Бірақ ананың бірден-бір қамқоршы екеніне бірден сенесің, кеуденді оған деген шексіз ризашылық пен құрмет сезімі кернейді.

*Айналасына ас қойып  
Изені көлдей шалқытқан.  
Қолын қатты тигізбей,  
Кірлі көйлек кигізбей,  
Иісін жұпар аңқытқан.*

Өлең ананың баласын ұйықтату, тамақ беру, күту, мәпелеу әрекеттеріне құрылған. Бұл тұрғыда бесік жырын, уату-алдарқату жырларын, тұсау кесу жырын, мәпелеу жырларын айтатын қазақ

әйелінің бейнесі еріксіз еске түседі. Бала күтімі жөніндегі халық түсініктерін қайыра әкеп жүрегімізге ұялатады.

Кез келген баланың жаттауына оңай, ұғымына жеңіл тиетін ойнақы өлең түрін ана, әже, ата, бала(бөбек) тақырыптары арқылы XX ғасыр басында ұсынған ақын – Мағжан Жұмабаев. «Ауыз әдебиетінің әдеби-эстетикалық байлығын кеңінен пайдалану романтик ақынның балаларға арналған туындыларында табиғи, айшықты көрініске ие болған. «Бесік жыры», «Бөбектің тілегі», «Жұбату», «Ана мен бала» тағы да басқа бүлдіршіндер үшін жазылған өлеңдерінде ауыз әдебиетінің бейнелеу құралдары молынан кезігеді»[2,42]. М.Жұмабаевтың 1924 жылы «Ақжол» газетінде жарияланған «Әже», «Немере мен әжесі» өлеңдері әже мен немере арасындағы диалогқа құрылғанымен, кезең суретін, от басында ұршық айналдырып, жүн түткен, арасында ертеқ айтқан әже мен ертеқ тыңдап ақырында сілекейі ағып, шаршап ұйықтаған немересінің тірлігін, немересінің көп сұрағына жауап бере алмай қиналған әженің ақыр соңында «теқ! – деп ем ғой, - тентек, тентек, мұны айтатын мектеп, мектеп!» деп тығырықтан шығу қарекеті кезең суреттері фонында берілуімен өзгеше. Ақынның балаларға арналған өлеңдері «Балаларға тарту» жинағында(1927) топтастырылған. «Ақ қала», «Ата, бата», «Ана», «Сылдырмақ», «Сал, сал білек», «Бөбектің тілегі», «Сұр құлын» өзіндік ерекшеліктері жеке-жеке тоқталғанда білінеді. «Ақ қала» өлеңінде ақ қардан ақ қала тұрғызған балалардың көңіл-күйін автор шебер жеткізген. Шеберлік кілті – бала қам-қарекетінің дәл бейнеленуінде. Өлеңде іске деген құлшыныс («топырлап, шулап, соқтыға, тоғытқн бейне тоқтыдай, жапырласты шөпірлеп»), негізгі іске талас («мен оям! – деп біреуі, «мен қоям!» деп біреуі терезеге таласты»), істің нәтижелі бітуі («Күліп жүріп көп бала, салып қойды ақ қала») бар. «Ата, бата» өлеңінде атасының немересіне беретін батасы екі дара тілектен тұрады.

Атасы:

*«Құлыным бата дейді ғой!»  
«Бата десең, қарт атаң  
Айналсын сендей батасын!  
Оқы, құлыным, әлім бол,  
Атаң берді батасын!»*

Ауыз әдебиеті дәстүрінде жазылған «Ана», «Сылдырмақ», «Сал-сал білек, сал білек», «Бөбектің тілегі», «Сұр құлын» өлеңдерінде айшықты тіл, кестелі сөз өрнегі мол. Өлпештеу поэзиясының бесік жыры, уату-алдарқату жыры, мәпелеу жырлары, балалар тақпағын еске салады. «Ана» өлеңінде ана монологы жоқ, сырқат бөбегінің жанындағы қасірет шеккен ана кейпі сипатталады. Ақын бұл өлеңде ананың балаға деген махаббатының өлшеусіздігін көрсеткен. «Сылдырмақ» - бала мінезіне құрылған өлең. Бөбек пен оның ағасы Әлімжан мінезі шағын өлең ішіне сыйып кете берген.

*Бөбектің егер қолынан  
Түсе қалса сылдырмақ,  
Әлімжан аға болмысы  
Сылдырмақты сыйдырмақ,  
Ең болмаса «байқаусыз»  
Басып кетіп сындырмақ.*

Тағы да бөбектің мектепке баруын, білім алып, әлім болуын тілеген тілек «Сал, сал білек, сал білек» өлеңінен көрінеді. Халық өз өлеңінде «ал, білек, ал, білек, атаң тілін ал білек, мал ішіне бар білек» десе, ақын «Сал, білік, сал, білек, балдан тәтті бал білек, мектепке бар бір мезгіл, әжеңнің тілін ал, білек» дейді. «Атаның көңілі балада, баланың көңілі далада» демекші, «Бөбектің тілегі» өлеңінде малжанды бөбек қозы, лақ, құлыншақты өзінің тілек тілеу объектісіне айналдырады. Тоқтышақтың тоғыз, саулық қойдың сегіз, құла биенің құнан табуын тілейді. Бөкен жүнді бөрте ешкінің төрт айда төрт ешкі болуын, әукесінің алты рет бұзаулауын өтінген бөбек тілегі бар. «Сұр құлын» өлеңінде шағын сюжет сілемі бар. Сүліктей сұлу сұр құлынын жаз бойы Әлжан сылап-сипап қызықтайды. Қыс түсіп, арада біраз уақыт өтеді. Әлжан құлыншағын көруге келеді.

*Сұр құлын жоқ алдында  
Жалбыраған жабағы:  
Томпиды аузы Әлжанның  
Салбырады қабағы.*

Бала қылығына құрылған өлеңнің тамаша бір үлгісі емес пе бұл өлең?!

**Қорытынды.** Сонымен, ХХ ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясындағы Абай, Ыбырай дәстүрлері біріншіден, идеялық сабақтастықтан, екіншіден, тақырыптық үндестіктен, үшіншіден, бейнелеу құралдары мен көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдану жағдайынан байқалды. Халық тағдыры жеке бастарының қайғы-шеріне айналған ақындар шығармашылығында ағартушылық идея терең қойылды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың ағартушылық идеялары, әсіресе, олардың балаларға арналған өлеңдерінен айқын көрінді. Халық тағдыры, халықтың қиын-қыстау тірлігінің шешімі, әсіресе, жас ұрпақ қамы оқу-ағарту ісімен тікелей байланысты болғандықтан, ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясында өнер-білім, оқу тақырыбы маңызды орын алды. Ілгерідегі, яғни ауыз әдебиеті мен Абай, Ыбырай шығармаларындағы көркемдеу құралдары, суреттеу, бейнелеу әдіс-тәсілдері ХХ ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясында өзіндік ерекшеліктері сақтала және жаңаша түрлендіріле қолданылды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Тілешев Е. *Суреткер және көркемдік әдіс.* –Алматы, Арқас, 2005.
- 2 Әбдиманұлы Ө. *XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті.* –Алматы, Қазақ университеті, 2002.
- 3 Алтынсарин Ы. *Таза бұлақ.* –Алматы, Жазушы, 1988.
- 4 Қирабаев С. *Шындық және шығарма.* –Алматы, Жалын, 1981.

*References:*

- 1 Tileşev E. *Suretker jäne körkemdik ädis.* –Almaty, Arqas, 2005.
- 2 Äbdimanuly Ö. *XX ğasyr bas kezindegi qazaq ädebieti.* –Almaty, Qazaq universiteti, 2002.
- 3 Altynsarin Y. *Taza bülaq.* –Almaty, Jazuşy, 1988.
- Qirabaev S. *Şyndyq jäne şyğarma.* –Almaty, Jalyn, 1981.

**МРНТИ 17.82.10**

*Саметова Ж.Ш.,<sup>1</sup> Айтимов М.К.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup> *Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан*

## **ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПОЭТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҮНДЕСТІГІ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі қазақ прозаларының мазмұны мен пішіні поэтикасына жаңа жазба реалистік әдебиет үлгілерінің (хакім Абай, Ы. Алтынсарин, т.б. шығармалары) классикалық көркемдік негіз болғандығы баяндалады. Қазақ прозасының Шоқан, Ыбырай, Абай қалыптастырған үлгілері және одан кейінгі даму кезеңдеріндегі шығармалар – ұлттық рухани құндылықтар. Сондай - ақ қазақ прозасындағы роман жанрының әлем әдебиетіндегі үлгілермен тектесе дамуына ықпал еткен ХХ ғасырдың басындағы әдеби үдеріс пен жеке қаламгерлер туралы байыптаулар жасалды. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романдарының біразы ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басында жарыққа шықты. Қазақстан атты ежелгі тарихының жаңа кезеңіне көшкен, байырғы жолы бұған дейінгі талай мыңжылдықтардан басталған, қалыптасқан мемлекетіміздің, қазақ ұлтының көркем әдебиеттегі бейнеленуі сөз арқауындағы дәстүрлі шығармашылық үрдіс аясында қарастырылады.

**Түйін сөздер:** дәстүр, шығармашылық үрдіс, тарихи тұлғалар әлемдік өркениет, ұлттық сөз өнері